



### ХАЛЫҚ ҚАТЫСАТЫН БЮДЖЕТ

5-БЕТ | ҚОҒАМ



### ЖУРНАЛИСТЕР БАҒБАНЫ

6-БЕТ | РУХАНИЯТ



### ДӘСТҮРДІҢ ТОЗЫҒЫНАН САҚТАНАЙЫҚ

7-БЕТ | ӘЛЕУМЕТ

“ ОЙМАҚТАЙ ОЙ

Сұлулық, әдептілік, білімділік, сезімділік, ерлік, даналық – бәрі де жеке адамның меншігінде емес, ең алдымен елдің, халықтың еншісі.

Ғабит МҮСІРЕПОВ

”

№4 (4748) Сейсенбі 14 қаңтар 2025 жыл



# ASTANA

ELORDA AQPAPAT МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



## БИЫЛҒЫ ҰБТ БАСТАЛДЫ

Кеше мектеп оқушылары үшін ұлттық бірыңғай тестілеу басталды.

Бұл – сынақтың бірінші кезеңі. ҰБТ-дағы пәндердің саны өзгеріссіз қалды, яғни үшеуі міндетті және екеуі таңдау бойынша. ҰБТ тапсырмалар саны өзгеріссіз қалды, жалпы 120 сұрақ. Оның ішінде «Қазақстан тарихынан» 20 тапсырма, «Оқу сауаттылығынан» 10 тапсырма, «Математикалық сауаттылықтан» 10 тапсырма және екі бейіндік пән бойынша 40 тапсырма. Жоғары балл – 140.

Тестілеу уақыты – 4 сағат (240 минут). Бұл ретте ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қосымша 40 минут уақыт беріледі.

## ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚҚА СҰРАНЫС КӨП

Елімізде 2025 жылы жоғары сұраныста болатын жұмысшы мамандықтардың ТОП-10 тізімі жасалды.

Еңбек ресурстарын дамыту орталығының мәліметінше, сұранысы жоғары жұмысшы мамандықтардың алғашқы ондығының тізімі мынадай мамандықтар кіргізілген: жүк көлігінің жүргізушісі; сантехниктер және құбыр салушылар; дәнекерлеуші; құрылысшылар бригадасының басшысы, бригадир; автобус жүргізушісі; сылақшы; техник-электрик; тракторшы; құрылысшы-монтаждаушы; темір ұстасы-слесарь.

# ЖАҒДАЙЫҢ ҚАЛАЙ, СТУДЕНТ?

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жақында Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Студенттер үйінде болып студенттерге жасалып жатқан әлеуметтік жағдаймен танысып, жастарға айрықша үміт артатынын атап өтті. Бүгінгі таңда Астанада 15 жоғары оқу орны бар. Студенттер үшін жатақханалардағы орын тапшылығы 2488 болып тұр. Осы мәселені шешу үшін биыл елордада 7 студенттер жатақханасын салу жоспарланған.

## ТЫНЫШТЫҚ БҰЗҒАНҒА – АЙЫППҰЛ

Енді түнде сағат 22:00-ден кейін тыныштық бұзғандар 19 660 теңге айыппұл төлейтін болады.

Қазіргі қолданыстағы заң бойынша қазақстандықтарға жұмыс күндері сағат 22:00-ден, ал демалыс күндері сағат 23:00-ден кейін тыныштық бұзғаны үшін айыппұл салынады.

- Айыппұлдың мөлшері:**
- жеке тұлғалар үшін – 5 АЕК (19 660 теңге);
  - шағын кәсіпкерлік субъектілері мен коммерциялық емес ұйымдар үшін – 20 АЕК (78 640 теңге);
  - орта кәсіпкерлік субъектілер үшін – 30 АЕК (117 960 теңге);
  - ірі кәсіпкерлік субъектілер үшін – 100 АЕК (393 200 теңге) болып белгіленген.

## ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКА ЖҰЛДЫЗДАРЫ ЖИНАЛАДЫ

25 қаңтарда Астанада жеңіл атлетикадан Astana Indoor Meet for Amin Tuyakov Prizes халықаралық турнирі өтеді. Бұл туралы Ұлттық олимпиадалық комитет хабарлады.

Турнирде әлемдік жеңіл атлетика жұлдыздары өнер көрсетеді. Жарысқа қатысушылар қатарында олимпиада чемпионы, әлем чемпионы, «Бриллиантты лига» кезеңдерінің бірнеше дүркін жеңімпазы Андре де Грасс (Канада), Париж Олимпиадасының күміс медаль жеңімпазы, жабық алаңдардағы халықаралық жарыстың дебютанты Кишайн Томпсон (Ямайка), Олимпиада жүлдегері Алекс

Хэйдок-Уилсон (Ұлыбритания), әлемдік рейтинг көшбасшысы Корнелиус Тувей (Кения), әлем чемпионы Маркиз Денди (АҚШ), Олимпиада финалистері Тина мен Тиа Клэйтон (Ямайка), Олимпиада чемпионы Наташа Моррисон (Ямайка), екі дүркін әлем чемпионатының жүлдегері Сада Уильямс (Барбадос) және басқа да мықты спортшылар болады. Сайыстар Қазақстан жеңіл атлетика кешенінде өтеді.





## САММИТКЕ ҚАТЫСАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 14-15 қаңтар күндері Біріккен Араб Әмірліктерінің Президенті

шейх Мұхаммед бен Заид Әл Нахаянның шақыруымен «Абу Дабидің орнықты даму аптасы» саммитінің жұмысына

қатысады. Бұл туралы Ақорданың телеграмдағы ресми арнасы ақпарат таратты.

## ҒАЛЫМНЫҢ ОТБАСЫНА КӨҢІЛ АЙТТЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев көрнекті абайтанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы, I дәрежелі «Барыс» орденінің иегері Мекемтас Мырзахметұлының дүниеден өтуіне байланысты оның отбасы мен жақын туыстарына көңіл айту жеделхатын жолдады.

«Мекемтас Мырзахметұлы бар салықалы ғұмырын Абай мұрасын зерделеуге, отандық әдебиеттану ғылымының керегесін кеңейтуге арнаған зиялы тұлға еді. Ұлт руханиятының

ілгері басуына сүбелі үлес қосып, көптеген шәкірт тәрбиеледі. Ұзақ жылғы қажырлы ізденістерінен туған құнды еңбектері лайықты бағаға ие болды. Ғибратты ғұмыр кешіп, соңына

өнегелі із қалдырған Мекемтас Мырзахметұлының аяулы есімі халқымыздың жадында сақталды. Марқұмның иманы саламат, жаны жәннатта болсын» деп жазылған жеделхатта.

## СПОРТ КЕШЕНІНІҢ ЖАҒДАЙЫМЕН ТАНЫСТЫ

Мәжіліс депутаттарының халықпен кездесу аясында депутат Дәулет Тұрлыханов Астана қаласындағы «Қазақстан» спорт кешенінің жағдайымен танысты. Бұл кездесу тұрғындардың өтініші бойынша ұйымдастырылды.

«Қазақстан» спорт кешені 2001 жылы наурыз айында ашылған. Алайда 2019 жылдың сәуірінде спорт нысаны толығымен жұмысын тоқтатқан. Толық техникалық тексерістің нәтижесінде ғимарат апатты жағдайда деп танылған. Осыған орай, спорт кешенін қалпына келтіру қажеттігі туындап отыр.

«Астана қаласының Құрылыс басқармасы» мемлекеттік мекемесінің басшысы Төлеген Құлшешевтің мәліметінше, құрылыс-монтаждау жұмыстары жобалық-сметалық құжаттама дайын болған соң басталады. Бұл спорт кешенін қайта жаңарту тұрғындар-



дың белсенді өмір салтына және қаланың спорттық инфрақұрылымын дамытуға оң ықпал етеді. Бұл – тек спортшылар үшін ғана емес, бүкіл қала тұрғындары үшін маңызды нысан. Спорт кешенін қалпына келтіру жұмыстары Астана қаласының спорттық әлеуетін арттыруға және тұрғындардың денсаулығын жақсартуға бағытталған маңызды жоба болмақ» деді депутат.


## 23 ОРТАЛЫҚ САЛЫНАДЫ

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша 2027 жылға дейін балалардың шығармашылық және зияткерлік әлеуетін дамыту мақсатында балаларды сауықтыруға арналған 50 орталық және одан бөлек 100 қосымша білім беру нысаны салынады. Бұл туралы Оқу-ағарту министрлігі ақпарат таратты.

Ресми ақпаратқа сүйенсек, биыл өңірлерде 23 балаларды сауықтыру орталығын ашу және қосымша білім беру үшін 22 заманауи нысандар салу жоспарланған. «Қазіргі кезде қосымша білім берумен 3,3

миллион бала қамтылған. Осы бағытта ғылыми-техникалық, музыкалық, көркемдік-эстетикалық, экологиялық-биологиялық, туристік-өлкетану, әскери-патриоттық, әлеуметтік-педагогикалық бағыттар бойынша мектептен

тыс 1 713 ұйым және 380 үйірме жұмыс істейді. Елімізде барлығы 200-ден астам балаларды сауықтыру орталығы бар, оның 17-сі жыл бойы, 185-і маусымдық негізде жұмыс істейді» делінген министрлік ақпаратында.



## СЕНАТ ТӨРАҒАСЫ ҚЫТАЙҒА БАРДЫ

Сенат төрағасы Мәулен Әшімбаев Бейжіңде Бүкілқытайлық халық өкілдері жиналысы Тұрақты комитетінің төрағасы Чжао Лэцзимен кездесті.

Кездесу барысында Мәулен Әшімбаев Сенат Парламенті мен Бүкілқытайлық халық өкілдері жиналысы арасындағы ынтымақтастықты нығайту мәселелеріне тоқталды. Тараптар өнеркәсіп, энергетика, көлік, «жасыл» экономика, ауыл шаруашылығы және өзге де бағыттардағы бірлескен инвестициялық жобаларды іске асыру жөнінде пікір алмасты.

«Қазақстан мен Қытай Тран-

скаспий халықаралық көлік бағытын дамыту бойынша ынтымақтастықты жалғастырып келеді. Бүгінде бұл бағыт Азия мен Еуропа арасындағы жеткізу тізбегінің қауіпсіздігін тиімді қамтамасыз етеді. Қазақстан мен Қытай арасында «Аяғөз-Тачэн» үшінші теміржолының құрылысы басталып жатыр. Сондай-ақ үшінші шекаралық теміржол өткізу пунктін ашу жоспарланып отыр. Орта дәліздің әлеуетін неғұрлым

белсенді пайдалану елдеріміз арасындағы транзиттік-көліктік ынтымақтастықты кеңейтуге ықпал ететіні сөзсіз» деді Мәулен Әшімбаев.

Сұхбат барысында Чжао Лэцзи екі мемлекеттің басшылары белгілеп берген міндеттерді бірлесіп іске асыруға дайын екенін білдіріп, «Бір белдеу – бір жол» бастамасы аясындағы және басқа да бірлескен жобаларды іске асыру перспективаларын жоғары бағалады.

## ЖҰМЫСШЫ МАМАНҒА СҰРАНЫС ҮЛКЕН

Елімізде 2025 жылы жоғары сұраныста болатын жұмысшы мамандықтардың ТОП-10 тізімі жасалды. Еңбек ресурстарын дамыту орталығының мәліметінше, сұранысы жоғары жұмысшы мамандықтардың алғашқы ондығының тізімі мынадай:

1. Жүк көлігінің жүргізушісі (21,8 мың адам немесе жалпы сұраныстың 5,4 пайызы);  
2. Сантехниктер және құбыр салушылар (17,3 мың адам немесе жалпы сұраныстың 4,3 пайызы);  
3. Дәнекерлеуші (15,6 мың адам немесе жалпы сұраныстың 3,9 пайызы);  
4. Құрылысшылар бригадасының басшысы, бригадир (11,9 мың адам немесе жалпы сұраныстың 2,9 пайызы);  
5. Автобус жүргізушісі (10,8 мың адам немесе жалпы сұраныстың 2,7 пайызы);  
6. Сылақшы (9,9 мың адам немесе жалпы сұраныстың 2,5

пайызы);  
7. Техник-электрик (9,7 мың адам немесе жалпы сұраныстың 2,4 пайызы);  
8. Тракторшы (9,6 мың адам немесе жалпы сұраныстың 2,4 пайызы);  
9. Құрылысшы-монтаждаушы (7,9 мың адам немесе жалпы сұраныстың 1,9 пайызы);  
10. Темір ұстасы, слесір (7,4 мың адам немесе жалпы сұраныстың 1,8 пайызы).  
Сондай-ақ орталық сарапшылары кәсіптік-техникалық білімі бар мамандарға алдағы 5 жылдағы сұраныс көлеміне жасаған болжамын жариялады:

· 2025 жыл: 63,8 мың адам  
· 2026 жыл: 65,7 мың адам (+1,9 мың немесе 3%)  
· 2027 жыл: 67,9 мың адам (+2,2 мың немесе 3,3%)  
· 2028 жыл: 66,8 мың адам (1,1 мыңға кемиді немесе -1,6%)  
· 2029 жыл: 67,5 мың адам (+0,7 мың немесе 1%)  
· 2030 жыл: 71,4 мың адам (+3,9 мың немесе 5,8%). Жоғарыдағы деректерге сүйене отырып, жұмысшы мамандықтарға сұраныс жыл сайын артып отыратынына көз жеткіземіз. Ал сұраныс артқан сайын жұмысшы мамандықтардың бәделі де жоғарылай түседі.



## КУӘЛІКТІ ПОСТАМАТТАН АЛАСЫЗ

2025 жылы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігімен бірлесіп «Kaspi Bank» АҚ постаматтары арқылы азаматтарға туу туралы куәлікті жеткізу бойынша қанатқақты жобаны іске қосуды жоспарлап отыр.

Үкіметтің баспасөз қызметі хабарлағандай, бұл ХҚКО-ға бармай-ақ туу туралы куәлік алуға мүмкіндік береді. Атап айтқанда, АХАТ органдары берген электрондық құжаттар бойынша – туу, қайтыс болу, неке қию және некені бұзу туралы куәліктер мен анықтамалар бойынша электрондық апостильді қолдануды дамыту жоспарланып отыр. Жаңа өзгерістер азаматтарға аталған құжаттарды алуға және оларға бір өтініш

шеңберінде апостиль қоюға мүмкіндік береді. Бұл қызметке 2025 жылдың төртінші тоқсанында қол жеткізілетін болады. Сондай-ақ заң көмегін көрсету саласында Әділет министрлігі 2025 жылы Атқарушылық жазба жасау жөніндегі қанатқақты жобаны іске қосуды жоспарлап отыр. Ол «Бірыңғай нотариаттық ақпараттық жүйе» ақпараттық жүйесіне талаптардың даусыз екендігі және борышты тану,

борышкердің жеке кабинеті арқылы қарсылық беру туралы растайтын құжаттарды салуды, сондай-ақ нотариустың борышкердің (жеке немесе заңды тұлға) тіркелген жері бойынша ғана атқарушылық жазба жасауын көздейді. Бұл бастамалар мемлекеттік қызметтерді цифрландыру деңгейін арттыруға, бюрократиялық рәсімдерді қысқартуға және азаматтарға қызмет көрсету сапасын жақсартуға бағытталған.



## ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК ҚЫЗМЕТІ ЖАҚСАРУДА

Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек елордадағы қоғамдық көліктің жұмысы туралы мәлімет берді.



«CTS Орталық диспетчерлік қызметінің кеңсесіне бардым. Бұл орталық қала бойынша барлық автобусты мониторингке алып, бақылап отырады: қоғамдық көліктің статусын, желіге қаншалықты уақытында келетінін, кептеліс кезінде автобустардың жұмысын реттеу қажет пе, жол қозғалысының қарқындылығын және т.б. көреді. Соңғы екі жылда желіге 700-ден астам жаңа автобус шығардық, бұл бізге қоғамдық көлік паркін 45 пайызға жаңартуға мүмкіндік берді. Осының және жүйені жаңғырту есебінен жолаушылар ағыны 26 пайызға артты. Мәселен, 2023 жылы жолаушылар ағыны күніне орта есеппен 755 мың адамды

құраса, 2024 жылы 950 мың адам болды» деп жазды Жеңіс Қасымбек.

Әкім өз сөзінде Bus Lane енгізу есебінен автобустарды күту уақыты қысқарғанын, ал көліктің орташа жылдамдығы 16 км/сағ дейін артқанын айтты. Сондай-ақ «Ақылды бағдаршам» енгізілген учаскелерде көліктің орташа жылдамдығы 30 км/сағ дейін ұлғайған. Сонымен қатар автобустарға түсетін жүктемені бақылау бойынша пилоттық жоба таныстырылғанын да айтып өтті.

– Жолаушыларды бақылауды жақсарту үшін жүйе әр автобуста нақты қанша адам билетсіз жүретінін көрсетеді. Бұл көліктік бақылау департаментінің тиімді жұмыс істеуіне және

жолақы төлеуден жалтарғандарды анықтауды арттыруға, сол арқылы оларды азайтуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ CTS базасында көлік басқарудың бірыңғай орталығының тұжырымдамасы таныстырылды. Қазір автобустардың статусын нақты уақыт режимінде көріп отырмыз, ал енді бұл жобаны қаланың коммуналдық қызметтеріне де енгізу жоспарланып отыр: желіге қанша тазалау және суару техникасы шықты және жоғарыда айтылған барлық жұмысты, оның ішінде жол инфрақұрылымын дамыту бойынша жұмыстарды биыл да жалғастырамыз, – деп жазды Жеңіс Қасымбек Instagram парақшасында.

## ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУШЫЛАРҒА ҚОЛДАУ



Қалалық мәслихат депутаттары әкімдікпен бірлесе отырып, алдағы үш жылға арналған негізгі салаларды дамыту жөніндегі кешенді жоспарларды әзірлеп, іске асыруда. Бұл жөнінде Астана қаласы мәслихаты төрағасы Ерлан Каналимов өзінің Facebook-тегі парақшасында жазды.

«Соның бірі – «Қылмысқа қарсы күрес, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар жоспары». Құқық қорғау органдары қызметкерлеріне әлеуметтік кепілдіктерді арттыру үшін қаражат бөлінді. Бұлар: Тұрғын үй төлемдерін қамтамасыз ету; Патрульдік полиция қызметкерлерінің арнайы формалық киімдерін сатып алу; Оперативті басқару орталығының (ОБО) бейнебақылау жүйесін жаңғырту» деді өз жазбасында Е.Каналимов.

Сондай-ақ ол депутаттар қолдауымен 100 сандық бейнебақылау камерасы орнатылды және жаңартылғанын да атап өткен.

«Цифрлық полицей» жобасы аясында құқық қорғау қызметкерлеріне 100 мобильді планшет берілді; учаскелік инспекторлар үшін видеорегистраторлармен жабдықталған 924 смарт-жетон үш жылға жалға алынды. Бұл шаралар полицияның жұмыс тиімділігін арттыруға, елорда тұрғындарының қауіпсіздігін нығайтуға және қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге бағытталған» деді ол.

## ЖАС САРБАЗДАР АНТ БЕРДІ



Астанада ҚР ІІМ Ұлттық ұланының 5573 әскери бөлімінде жас жауынгерлер Отанға адал қызмет етуге салтанатты түрде ант берді.

Polisia.kz мәліметінше, еліміздің түкпір-түкпірінен келген тепсе темір үзер жігіттер бір ай арнайы дайындықтан өткен. Енді олар бас елордамыздың тыныштығы мен көше тәртібін қамтамасыз етуге атсалысады.

«Ұлттық ұлан қатарында борышын өтеуге келген жас жауынгерлерді ҚР ІІМ Ұлттық ұлан Бас қолбасшысының тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыстар жөніндегі орынбасары Қайрат Үмбетов құттықтап, қадамдарына сәттілік тіледі. Ал құрама командирі Аян Есканов жаңадан келген сарбаздардың қызметтеріне бағыт-бағдар берді» делінген мәліметте.

Астанада қазақ тазысын өсіретін аңшылық клуб марапатталды.

## АҢШЫЛЫҚ КЛУБ МАРАПАТТАЛДЫ

Астанада қазақ тазысын сақтау және өсіру жөніндегі әлеуметтік жобаға қосқан елеулі үлесі үшін NOMAD ұлттық аңшылық клубының командасы қалалық әкімдіктің сыйлығымен марапатталды.

Ұлттық мұраны сақтау және тазы тұқымын дамыту жөніндегі қоғамдық қор белсенділерінің еңбегі мен қамқорлығы үшін табыс-талған сыйлықты Астана қаласы

Ішкі саясат басқармасының басшысы Нұрәулет Әлмұханов тапсырды.

Ал NOMAD ұлттық аңшылық клубы – ұлттық аңшылық дәстүрлерін сақтауға және қазақ тазысын өсіруге құмар әуесқойлардың бірлестігі. Клуб ұжымы мәдени мұраны сақтауға зор үлес қосып, осы ерекше тұқымды кеңінен насихаттауға белсене атсалысуда.



## ВАНДАЛИЗМ ДЕРЕКТЕРІ АНЫҚТАЛДЫ

Елордалық полицейлер вандализм актілерімен және қоғамдық тәртіпті бұзушылармен күресті жалғастыруда. Соңғы күндері Астанада бөтеннің мүлкіне зиян келтірудің жаңа жағдайлары тіркеліп, оған кінәлілер тез табылып, жауапқа тартылды.

Мәселен, 2025 жылғы 1 қаңтарда таңғы сағат 06:00 шамасында 26 жастағы азамат жеке үйлердің бірінің кіреберіс есігін қасақана зақымдап, 34 900 теңге сомасына материалдық шығын келтірген.

Ал жаңа жыл қарсаңында, яғни 31 желтоқсан сағат 00:45-те 21 жастағы әйел пәтердің кіреберіс есігі мен есік қоңырауына зақым келтіріп, 37 000 теңге шығын келтірді. 3 қаңтар күні сағат 23:30 шамасында, 33 жастағы ер адам қоғамдық орындағы лифт есігін тепкілеп, сындырған. ҚР ӨҚБТК-нің 147-1-бабы бойынша барлық құқық бұзушылар табылды және әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Бұл оқиғалар елордадағы вандализмнің жолын кесу жөніндегі кешенді жұмыстың бір бөлігі болып табылады. Полиция қалада тәртіп пен тазалықты сақтауға, сондай-ақ қоғамға жат мінез-құлықтың алдын алуға бағытталған профилактикалық жұмыстарды белсенді жүргізіп жатыр.

Жалпы қазірге дейін вандализм үшін 332 азамат жауапқа тартылды, оның ішінде 191 адамға айыппұл салынды, 141 адам әкімшілік қамауға алынды. Оны алдын алу жұмыстары қалалық прокуратура мен полиция департаментінің үйлестіруімен жүргізіледі.





Индира  
БЕРЖАНОВАӘЛЕУМЕТТІК  
КӨМЕКТІҢ ТЕТІКТЕРІ

Ұлттық статистика бюросының соңғы мәліметі бойынша елімізде 2024-2025 оқу жылының басында студенттер саны 624,5 мың адамды құрады. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласында биылғы оқу жылында магистранттар, докторанттар және резидент-дәрігерлер саны өткен жылдармен салыстырғанда өскен. Магистратурада 39 172 адам білім алса, резидентурада оқитындардың жалпы саны 8882 адам, ал докторанттардың саны 7 633 адамды құрайды. Сонымен қатар бюро елімізде 113 жоғары оқу орны тіркелгенін, оның 42,5 пайызы – мемлекеттік, 56,6 пайызы жекеменшік екенін мәлімдеді.

Студенттік шақ – жастық дәуреннің ең ыстық естеліктерімен таспаланатын кезең. Осы бір кезеңнің құндылығын жоймай, өмірдегі алтын дәуреннің бірі екенін сезу үшін студенттер оқудың әр жылын түрлі оқиғалармен толтыруға тырысады. Десе де, ең әуелі сапалы оқып, білікті кадр атануды мақсат етеді. Бұл тұрғыда олар үшін толыққанды жағдай жасау жақсы оқуға да, маман атануға да әсер ететінін ескеру маңызды. Осы тұста 2024 жылы Үкіметтің әлеуметтік қолдауының негізгі шараларының бірі студенттердің тұрмысын жақсартуға арналды. Сонымен бірге бұл инновациялық экономика құру және білім деңгейін арттыру мақсатында студенттер, ғалымдар үшін жағдайды жақсарту, ғылыми зерттеулерді дамыту үшін маңызды қадамдар ретінде айқындалды.

Ал еліміздегі ұлттық не жекеменшік болсын, республика бойынша көбі іргелі саналатын 15 жоғары оқу орны Астанада орналасқан. Сондықтан арман қуып, білім аламын деген жастар бас қалада оқуды құп санайды. Сәйкесінде оларды әлеуметтік тұрғыда қолдап отыру – маңызды міндеттердің бірі. Мәселен, бұл бағытта елорда әкімдігі тарапынан жоғары оқу орындарының студенттеріне оқу кезеңінде қаладағы қоғамдық көлікте жеңілдікпен жүру құқығы берілген. Оның ішінде көмек балалар үйінен және табысы төмен отбасылардан шыққан балаларға, сондай-ақ әлеуметтік көмек алатын немесе алмаған отбасылардағы балаларға беріледі. 2025 жылдың қаңтарында жеңілдікпен жүретін көлік құралына 118 студент ие.

Студенттік шақ жастардың рухани-мәдени өмірге етене араласуымен ерекше есте қалады. Университеттегі өмірді қайталанбас және жарқын етуде білім алушылар интеллектуалды клубтар, спорттық командалар, қайырымдылық ұйымдар, сонымен қатар тұлғаның жеке және ұжымдық

СТУДЕНТКЕ  
ҚОЛДАУ ЖЕТЕ МЕ?

Қазіргі уақытта бас қаланың жоғары оқу орындарында 95 мың студент оқиды, оның ішінде 49,5 мыңы – басқа қалалардан келген білім алушылар. Жастардың өмір сүру жағдайы олардың білім сапасына тікелей әсер ететіні сөзсіз. Ал бүгінде іргелі оқу орындарында білім алып жүрген студенттердің тұрмысы қандай? Дені жатақханада тұратын жастардың әл-ауқатына көңілі тола ма?

шығармашылықта өзін-өзі көрсете білуіне демеуші болатын үйірмелер және дебат клубтарға қатысады. Жастардың қарым-қабілеті осындай ортада қалыптасып, мықты оратор, қайырымды волонтер, жалпы білікті маман атануларына ықпал етеді.

Астана қаласы Жастар саясаты басқармасының басшысы Самат Ибраевтың сөзінше, осы бағытта қала студенттері үшін жыл сайын «Jastar Jalpu» фестивалі өткізіледі. Іс-шара жастардың шығармашылық қабілетін ашу, талантты жастарға қолдау көрсету, олардың дамуына жағдай жасауға бағытталады. Ал жеңімпаздарға 1-орын үшін 100 мың теңге, 2-орынға – 70 мың теңге, 3-орынға 50 мың теңге көлемінде ақшалай сыйлықтар беріледі. 10 номинацияда ең үздік жоғары оқу орнына басты сыйлық – 500 000 теңге табысталады.

ЖАЙЛЫ ЖАТАҚХАНА –  
СТУДЕНТ АРМАНЫ

Барар жері, тұрар мекені бар адамның көңілі қашан да жай. Жатын орын іздеген студентке жатақхана берілсе, оның үлгерімі де жақсы болары әлеуметтік тұрғыда қолдап отыру – маңызды міндеттердің бірі. Мәселен, бұл бағытта елорда әкімдігі тарапынан жоғары оқу орындарының студенттеріне оқу кезеңінде қаладағы қоғамдық көлікте жеңілдікпен жүру құқығы берілген. Оның ішінде көмек балалар үйінен және табысы төмен отбасылардан шыққан балаларға, сондай-ақ әлеуметтік көмек алатын немесе алмаған отбасылардағы балаларға беріледі. 2025 жылдың қаңтарында жеңілдікпен жүретін көлік құралына 118 студент ие.

Сонымен бүгінде бас қалада жатақханалардағы орын тапшылығы 2488 орынды құрайды. Осы мәселені шешуде 2025 жылы 3400 орындық 7 жатақхана салыну жоспарланған.

Жатақхана тапшылығын болдырмауда жақында елордада ең ірі студенттер үйінің бірі ашылып, көпшілік жасты қуантқан еді. Нысан Л.Гуми-

лев атындағы Еуразия ұлттық университетінің студенттеріне берілді. Университеттің Студенттер үйлері дирекциясының директоры Азамат Жұматаевтың айтуынша, бүгінде жоғары оқу орнына қарасты 4280 орынға арналған 8 жатақхана бар.

«Университет 1500 студентке арналған сегіз жеке жатақханамен ынтымақтастық туралы келісімшарт жасасқан. Жалпы саны 9282 студент жатын орынмен қамтамасыз етілген. Студенттер үйінен орын бірінші кезекте әлеуметтік статусы бар білім алушыларға беріледі. Көпбалалы отбасынан шыққан, мүгедектігі бар, толық емес отбасынан шыққан балаларға орын табылады. Норма бойынша бір студентке 6 шаршы метр бекітілген. Жатақханалардың аумағы салынған жылына, енгізілген өзгерістерге байланысты әртүрлі. Сәйкесінде бір бөлмеге 3 не 5 балаға дейін орналасады.

Соңғы ашылған 2 656 орындық Студенттер үйі кешені үш блоктан тұрады. Онда бакалавриат, магистратура және докторантура студенттері орналасады. Жаңа жатақхананың ерекшелігі – мүмкіндігі шектеулі студенттерді жатақханамен қамтамасыз етуінде. Осы мақсатта берілген кешенде қолжетімділікті, жайлылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін барлық жағдай ескерілді. Студенттер үйі қолайлы лифт, кең есіктер мен жуынатын бөлмелерді қоса алғанда, қажетті құралдар және арнайы жететін құралдар және арнайы төсек-орын, жиһаздармен жабдықталған. Барлық дизайн мен инфрақұрылым тұрғындар үшін ыңғайлы, кедергісіз орта құруға бағытталған. Алты қабатты ғимараттың ауданы 15 мың шаршы метрді құрайды. Әр блокта студенттерге жайлы тұру үшін коворкинг, кітапхана, спорт және коммерциялық жайлар қарастырылған. Студенттер үйі өрттен қорғау жүйесі және толық Wi-Fi желісімен жабдықталған.

Нысан А.Байтұрсынов пен К.Әзірбаев көшелерінің қиылысында орналасқан. Студенттер үшін қатынау мәселесі қиындық тудыруы мүмкін. Сондықтан



**БЫЛТЫР ЖЫЛ СОҢЫНДА 4200 ОРЫНДЫҚ 7 ЖАТАҚХАНА ТАПСЫРЫЛДЫ. СОНЫМЕН БҮГІНДЕ БАС ҚАЛАДА ЖАТАҚХАНАЛАРДАҒЫ ОРЫН ТАПШЫЛЫҒЫ 2488 ОРЫНДЫ ҚҰРАЙДЫ. ОСЫ МӘСЕЛЕНІ ШЕШУДЕ 2025 ЖЫЛЫ 3400 ОРЫНДЫҚ 7 ЖАТАҚХАНА САЛЫНУ ЖОСПАРЛАНҒАН**

білім алушылар үшін арнайы автобус жалдап, емін-еркін жетіп отыруларына барынша жағдай жағдауды көздеп отырымыз» деді А.Жұматаев.

Спикердің сөзінше, республика бойынша университеттің жатақханамен қамту мәселесі жүз пайыз шешілген деп айтуға негіз бар. Жатақхана ақысы бір айға 18 мың теңгеден басталып, 30 мың теңгеге дейін жетеді. Университетке қарасты бірнеше жылдар бойы жұмыс істеп келе жатқан жатақханалар мен енді ғана салынған студенттер үйлері бар болғандықтан, баға да әртүрлі бекітілген. Студенттер арасында бағаның қолжетімді болуы тұрғысынан мониторинг жүргізілді.

Білім ордасы аумағында 800 орындық 2 жатақхананың құрылысы басталды. Сонымен қатар, қолданыстағы жатақха-

наларды жаңарту жұмыстары алдағы уақытта жүргізіледі.

ӘЛ-АУҚАТ ҚАЙТСЕ  
ЖАҚСАРАДЫ?

Жыл сайын Қазақстанда мыңдаған білім гранты бөлініп, талапкерлер колледждер мен жоғары оқу орындарында тегін білім алуына жағдай жасалады. Білім грантына ие болған студент әр ай сайын мемлекеттен белгілі бір мөлшерде стипендия алып отырады.

Елімізде шәкіртақының 3 түрі бар. Олар: ең төменгі стипендия, жоғарылатылған стипендия және президенттік стипендия. Қазірде жоғары оқу орнында оқитын студенттер орташа есеппен 52 мың теңге шәкіртақы алады. Алайда бұл қаражаттың студенттердің шайлығына жетпей жататы-

ны бар. Бірінің шәкіртақысы киіміне, не тамағына жетпесе, ақалы бөлімде оқитындардың жай-күйі тіптен қиын. Әсіресе, тез байып, ақшаға кенелемін деген олардың бірінші орынға материалдық жағдайды қойып отырады. Осы мақсатта биыл қыркүйек айынан бастап бакалавриат студенттерінің шәкіртақысы 20 пайызға, магистранттар мен докторанттар үшін 15 пайызға артпақ.

Қазіргі нарық заманында студент түгілі, айлық жалақыға жұмыс істейтін мамандар қаражатын бір айға әрең жеткізеді. Ал студенттердің мәселесі тіптен бөлек. Әсіресе, Астанада алып шаһарда оқитын студенттер үшін бір шәкіртақымен күн көру мүмкін емес. Сондықтан бүгінде сабақтан қолдары қалт етсе жұмыс істеп, жоғын бүгіндеп жүрген студенттер көп. Мәселен, hh.kz сайтына келіп түскен 18 бен 22 жас аралығындағы үміткерлердің түйіндемелері еңбек нарығына студенттердің көбірек араласқанын көрсетеді. Сол себепті жұмыспен қамту бағытындағы қолдау аса қажет. Қоғамның көкейкесті мәселесіне айналған жастардың жұмыссыздығын шешуде әртүрлі жобалар қолға алынған. Елорданың Жастар саясаты мәселелері басқармасы Еңбек мобильділігі орталығымен бірлесіп, «Жастар практикасы», «Алғашқы жұмыс орны», «Ұрпақтар келісімшарты» бағдарламалары негізінде бытыр 13 мыңнан астам жасты жұмыспен қамтыды. Оған қоса, жұмыссыздарды, оның ішінде жастарды және азаматтардың жекелеген санаттарын жұмысқа орналастыру мүмкіндіктерін кеңейту мақсатында 2024 жылы 41 бос жұмыс орындар жәрмеңкесі өткізілді.

Қала әкімдігінің бастамасымен жүзеге асқан «JolTap» жобасы аясында екі қолға бір күрек тапқан жастар да жоқ емес. 7 цифрлық мамандық (SMM, таргет, графикалық дизайн, видеомонтаж, веб-дизайн және сайт жасау және т.б.) бойынша бүгінде оқуын 3 773 адам аяқтады. 10 жұмысшы мамандығы бойынша (тігінші, сатушы, сәнгер-конструктор, электр газ дәнекерлеуші, бухгалтерлік есеп негіздері, аяқ киімді жөндеу және кілттер дайындау, корпустық жиһаз жасау негіздері, май мен автошиналарды ауыстыру бойынша маман және т.б.) 3 904 адам оқытылды. Олардың қатарында 20 жасар студент Амина Аманбек бар.

– JOLTAP жобасының тегін қысқа мерзімді курстарында SMM бойынша жаңа мамандықты игеріп алдым. Мен жұмыс іздеу үшін ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік желілерде жеке брендімді дамыту үшін SMM бағытын тандадым. Менің ойымша, SMM – қазіргі кездегі ең өзекті әрі қажет мамандықтардың бірі. SMM мамандары барлық компанияларға керек, сондықтан жұмысқа оңай орналасуға болады. Өзімнің қатарластарым да осы жоба аясында оқуын оқып жүріп те, жұмыс тауып кетті, – деп бөлісті студент.





## «ХАЛЫҚ ҚАТЫСАТЫН БЮДЖЕТ»: ЖОБА ЖАЛҒАСАДЫ

Елорданың дамуында қоғам мен әкімдіктің тығыз байланысы маңызды рөл атқарады. Соңғы жылдары Астанада халықтың тұрмыс сапасын арттыруға және өмір сүріп жатқан ортасын жақсартуға бағытталған бірқатар маңызды жоба қолға алынды. Соның бірі – «Халық қатысатын бюджет» жобасы.



Бұл бастама жергілікті тұрғындарды өз аймағының инфрақұрылымын дамыту процесіне тартуға мүмкіндік береді. Аталған жоба арқылы тұрғындар маңызды мәселелерді көтеріп, шешімін табуға ықпал ете алады. 2024 жылы бұл жоба қаламыздың барлық ауданында жүзеге асып, айтарлықтай нәтижелерге қол жетті.

Алматы ауданында былтыр «Халық қатысатын бюджет» жобасына бөлінген қаражат шеңберінде 24 ауланы абаттандыру жоспарланған. Қазіргі уақытта 17 мекенжай бойынша жұмыс аяқталды. Бұл – Б.Майлин көшесі 8, Абылай хан даңғылы 25, Күйші Дина көше-

сі 44/1, М.Жұмабаев даңғылы 12А, Ш.Құдайбердіұлы даңғылы 17/3, Ғ.Мұстафин көшесі 15/2, Ж.Нәжімеденов көшесі 16А және т. б. тұрғын үйлер қамтылды. Балалар ойын алаңдары мен шағын сәулет нысандарын ауыстыру, футбол алаңымен және тренажер аумағымен жабдықтау, баскетбол алаңын салу, воркаут аймағымен қамтамасыз ету жұмыстары жүргізілді.

Байқоңыр ауданы бойынша 2024 жылы 25 жоба ұсынылды. Соның ішінде 22 жоба дауыс беру нәтижесінде іске асырылуға мақұлданды. Қазіргі уақытта 16 ауланың абаттандыру жұмысы аяқталды.

Есіл ауданы бойынша өткен жылы «Халық қатысатын бюджет» жобасы бойынша 30 өтінім келіп түсті. Олардың 11-і талапқа сай, 4 жоба жүзеге асуда, 19 жоба қабылданды. Абаттандыру аяқталған мекенжайлар: Қабанбай батыр даңғылы, 42 – «Инфинити 2» тұрғын үй кешені; Алматы көшесі, 13 – «Отандастар» тұрғын үй кешені; Сарайшық көшесі, 5/1; Қабанбай батыр даңғылы, 40 – «Инфинити 1» тұрғын үй кешені.

Нұра ауданы бойынша 2024 жылы 8 ауланы абаттандыру жоспарланған. Қазіргі уақытта жұмыстар келесі мекенжайларда аяқталды: Қыз Жібек көше-

сі 32; Ә.Бектұров көшесі 4/2, 4/3, 4/4; Сығанақ көшесі 2, 4; Қабанбай батыр даңғылы 43 (блок А, В, D); Ш.Айтматов көшесі 27, 29; Е-15 көшесі 11; М.Нәрікбаев көшесі 9.

Сарыарқа ауданы бойынша аталған жоба аясында аудан аумағында жұмыстар жалғасуда. Жобалар бойынша тұрғындармен кездесулер мен жиналыстар өтеді. Іс-шаралар аясында әлеуметтік чаттар арқылы ақпараттандыру; 18 жеке қабылдау; 40 онлайн-түсіндіру; қоғамдық талқылаулар; әлеуметтік желілер мен аудан әкімдігінің ресми сайтында ақпараттық жазбалар жарияланды.

«Халық қатысатын бюджет» жобасы – тек абаттандыру мен инфрақұрылымды жетілдіру ғана емес, сонымен қатар халық пен биліктің арасындағы сенімді нығайтудың жарқын үлгісі. 2024 жылғы жобалардың сәтті жүзеге асуы халықтың өз ауданының тағдырына тікелей ықпал ете алатынын дәлелдеді. Жоба шеңберінде тұрғындардың идеясы мен ұсынысы нақты шешімдерге айналды. Бұл өз кезегінде қоғамдық белсенділікті арттырып, азаматтық қоғамның дамуына жағдай жасады. «Еститін мемлекет» тұжырымдамасының іс жүзінде жүргізіліп жатқанына дәлел болып отыр.

«Халық қатысатын бюджет» – бұл тек бүгінгі мәселелерін шешу ғана емес, болашаққа бағытталған ұзақ мерзімді инвестиция. Әрбір атқарылған іс – ел игілігі үшін жасалған маңызды қадам. Сондықтан келген жылы да мәслихаттың, әкімдіктің және Аманат партиясының қолдауымен осы бағыт жалғасуда.

**Кендебай АДАМБЕК,**  
Астана қаласы  
мәслихатының депутаты

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде «Мақсатым – экономиканы және егемендікті нығайту» деді. Әділетті мемлекет дегеніміз – құқықтық мемлекет. Онда азаматтардың бәрі заң алдында тең болады, заңдарды, ережелерді және нормаларды қатаң сақтай отырып, жалпыға бірдей мүмкіндіктерді толық пайдалана алады.

## ӘДІЛЕТТІ МЕМЛЕКЕТ – ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТ

Айтпақшы, заңсыз алынған қаржы және басқа да активтерді қайтаруға қатысты жұмыстың нәтижесінде 2022 жылдан бері мемлекет қазынасына 2 триллион теңгеден астам (4,1 миллиард доллар) қаражат түсті. Бұл қаржы мектептер мен маңызды инфрақұрылым нысандарын салуға және өзге де әлеуметтік міндеттерді орындауға жұмсалып жатыр. Әділдік дегеніміз осы емес пе?

Ұйымдасқан қылмыстың көп қырлы сипатын ескере отырып, оған қатысты тұрақты талдау жұмыстары жүргізіліп, заманауи қарсы және алдын алу шаралары әзірленуі тиіс.

«Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» жаңа кешенді заң қабылдау алғашқы қадамдардың бірі болуы керек.

Осы орайда, бұрынғыдай терроризмге, экстремизмге, сыбайлас жемқорлыққа, нашарлыққа, адам саудасына және т. б. қарсы күрес мәселелері бойынша бір-біріне ұқсайтын заңдар жиынтығын – Қылмыстық кодексті әзірлеп, қабылдау орынды екенін атап өтеміз.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Ана тілі» газетіне берген сұхбаты Елбасының жағдайды бақылауда ұстайтынын, проблемаларды жақсы білетінін және оларды шешудің нақты жоспары бар екенін тағы бір паш етті.

Көптеген саясаттанушы Қасым-Жомарт Тоқаев президент ретінде өзінің жақсы істеп жатқан ісін – халықаралық қа-

тынастарды жалғастырады, ал ішкі саясат мәселелері арта қалады деп алаңдаушылық білдірді. Бірақ Президент өзін тәжірибелі мемлекет басқарушы ретінде көрсетті.

Ұлттық құрылтай отырысында жарияланған іске асырылған бастамалардың ішінде: – әйелдер мен балаларға қарсы қылмыстар үшін жаза қатайды (жаңа заңда адам өлтіру және балаларға қатысты сексуалдық зорлық-зомбылық жасағаны үшін қылмыстық жауапкершілік қарастырылған, сонымен қатар өмір бойына бас бостандығынан айыру белгіленген);

– құмар ойындарға тәуелділіктен күресу шаралары қабилданды (букмекерлік кеңселердің ғимараттарда, көліктерде сыртқы жарнамасына, бұқаралық ақпарат құралдарында жарнамалауға тыйым салынды);

– вейптерді сатуға және жарнамалауға тыйым салынады;

– кәметке толмағандарды қорлау үшін әкімшілік жауапкершілік енгізілді;

– есірткі сатушылар мен өндірушілерге сараланған жаза енгізілді.

Біздің ең басты жетістігіміз – 100-ден астам этнос пен 18 конфессия өкілдері тұратын еліміздегі бейбітшілік пен келісімнің сақталуы.

**Есберген АЛАУХАНОВ,**  
заңгер, Астана қаласы  
Қоғамдық кеңесінің мүшесі

## ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ

Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» Жолдауы аясында Астана қаласы бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет тарапынан заңның үстемдігін және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті қамтамасыз ету мақсатында жұмыстар атқарылуда. Бұл саладағы жұмыс бизнесті дамыту үшін қолайлы жағдай жасауға, құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге және азаматтардың билік органдарына деген сенімін нығайтуға бағытталған.

Сыбайлас жемқорлық қарқынды дамыған салаларға ерекше назар бөлінген.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері картасында елорда тұрғындарын алаңдататын өзекті мәселелер бойынша (әлеуметтік сала, жер мәселесі, жол және инфрақұрылым мәселелері, ұзақ мерзімді құрылыс нысандары, бизнес, құрылыс және тұрғын үй, экономика және қаржы, жылу электр станциялары) басым бағыттар анықталды. Осы бағытта департамент тарапынан атқарылған жұмыстармен таныстыра кетейін.

Біз әлеуметтік мәселелерді сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг пен сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау өткізу арқылы қарастырамыз.

Жыл басынан бері департамент жоғарыда аталған салаларда 8 сыртқы талдау және 8 мониторинг жүргізді.

Қала құрылысы бойынша сыртқы талдау шеңберінде тұрғын үй қабаттарының санын арттыру, абаттандыруға және әлеуметтік нысандарға

арналған аумақтарда тұрғын үй кешенін орналастыру мақсатында жоспарлау жобасына негізсіз өзгертулер енгізілгені анықталып, біздің ұсынысымыз бойынша қазіргі таңда 11 объектінің жобасы бастапқы қалпына келтірілді.

«Елорда құрылыс компаниясы» қызметін талдау нәтижесінде мемлекетке тиімсіз шартпен жеке кәсіпорынға берілген бетон зауыты компанияның меншігіне қайтарылды. Сонымен қатар компания инвесторларға заңсыз аударылған 967 млн теңгені қайтарды.

Әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясының қызметіндегі сыртқы талдау нәтижесінде жер телімдерін инвестициялық жобаларды жүзеге асыру мақсатында тұрғын үй кешенінің құрылысына заңсыз берілуі анықталып, қазіргі уақытта ондай тәжірибе тоқтатылды.

Жер қатынастары саласын талдау нәтижесінде мақсатына сай игерілмеген 100-ден астам жер телімін мемлекетке қайтаруға шаралар қолдану туралы ұсыныс енгізілді (жер иелері-

не хабарландыру жіберілді, 256 гектар – 25,6 млрд теңге. Олардың бүгінгі нарықтағы құны 5 есе жоғары. Қайтарылған кезде мемлекетке 100 миллиардқа жуық пайда түседі), 44 жер телімі Бас жоспарға сәйкес келтірілді (оның ішінде 18 демалыс рекреациялық орны, 12 әлеуметтік нысан).

Денсаулық сақтау саласында жасалған талдау барысында бюджет қаражатын тиімсіз пайдалану, командалық жұмыс ауыстыру деректері анықталды. Қалалық жедел медициналық жәрдем станциясы директоры лауазымдық өкілетін теріс пайдаланғаны үшін айыпты деп танылып, сот үкімімен 36,1 миллион теңге айыппұл жазасы салынды.

«Астана Тазалық» мекемесіне жасалған талдау арнайы техниканы жөндеу кезінде қаражаттың тиімсіз жұмсалуды, жанармайды тиімсіз есептен шығару фактілерін анықтады.

«Астана су арнасы» мекемесіне жасалған талдау желілер мен бос қуаттар болмаған кезде техникалық шарттарды заңсыз



беру тәуекелдердің бар екенін көрсетті.

Осыған ұқсас тәуекелдер «Астана Теплоэнергетика» пен «Астана-РЭК» мекемелерінде де анықталған.

Көгалдандыру саласындағы талдау шеңберінде мемлекеттік сатып алуларды айналып өтіп, арнайы техниканы жалға алуға және қосалқы мердігерлер арқылы өсімдіктерді сатып алуға бюджет қаражатын тиімсіз жұмсау тәжірибесінің алды алынды. 826 млн теңге сомасына бюджет қаражатын заңсыз жұмсау фактісі бойынша «Астана-Зеленстрой» мекемесінің бұрынғы басшысына қатысты сотқа дейінгі тергеу жүргізілуде.

Жол саласында жүргізілген талдау нәтижесінде жөндеуге ведомстволық сараптаманың болмауы, жұмысты нақты аяқтамай төлем жасау, сомаларды ұлғайту бойынша қосымша келісімдер жасасу тәуекелдері жойылды.

Бизнесті қорғау және мемлекеттік сатып алуларды қадағалау бағытында жұмыстар белсенді жүргізілуде.

«Бизнеске жол» жобасы шеңберінде 55-тен астам кездесу өтіп, түрлі салада 17 проблемалық кейс шешілді, 400-ге жуық кәсіпкерге көмек көрсетілді.

Мониторингтің тағы бір бағыты – мемлекеттік сатып алу жүйесі. Бұл бағыттағы негізгі міндет – жоспарлау кезеңінде тауарлардың құнын жасанды түрде көтерудің алдын алу. Алдын алу жұмыстары бюджет қаражатын үнемді және тиімді бөлуге мүмкіндік береді.

2024 жылы мониторинг арқылы 1,3 млрд теңге сомаға бюджет қаражатын тиімсіз пайдаланудың алды алынды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бағытында 15 мыңнан астам адам қамтылған түрлі форматтағы 174 іс-шара (түсіндіру жұмыстарын жүргізу, сыбайлас

жемқорлыққа қарсы тақырыпта кеңестер ұйымдастыру, ақпараттық парақшалар дайындау және т. б.) өтті.

Қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу аспектісінде департаменттің қызметіндегі басты бағыттың бірі – әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың жолын кесу.

Ағымдағы жылы салық, қаржылық бақылау және санитарлық-эпидемиологиялық салалардың басшы құрамынан 13 лауазымды тұлға кәсіпкерлік қызметке заңсыз араласқаны үшін және 1 мемлекеттік қызметші заңсыз кәсіпкерлік қызметін жүзеге асырғаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Департамент сыбайлас жемқорлық тәуекелдері мен қылмыстардың алдын алу мақсатында жұмыстарды әрі қарай жалғастырады.

Қоғам біз жүргізіп жатқан жұмыстың тиімділігін көз жеткізуі үшін біздің барлық іс-әрекетіміздің түсінікті және жұртшылық үшін қолжетімді болуын қамтамасыз етуге тырысамыз.

**Шаттық ӨТЕЕВ,**  
ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Астана қаласы бойынша департаментінің басшысы



**Б**ұл тұжырымға мынадай негіз бар: біріншіден, журфакта білім алған күндерден бері 50 жыл сөз құдіреті арқылы еліне қызмет етіп келеді; екіншіден, қазақ журналистикасындағы трансформациялық өзгерістердің тұжырымдамасын жасап, ғылыми бағасын беріп жүр; үшіншіден, мыңдаған шәкірттері Омашевтың мағыналы дәрістері арқылы шындалды, кәсіби жолға түсті; төртіншіден, еліміздегі жетекші екі факультеттің абыройын биікке көтерді (декан Омашев ҚазҰУ-дың оқу жүйесін әлемдегі үздіктерге теңестірсе, ЕҰУ-дың журфагын өз қолымен құрып берді); бесіншіден, мемлекеттік идеологияны қалыптастырып, жетілдіруге бір кісідей үлес қосты, журналистиканың құндылықтарын қызғыштай қорғап жүр, әсіресе, ұлттық ақпараттық қауіпсіздік туралы сөз байламдары аса құнды; алтыншыдан, мойындалмай жүрген журналистика ғылымын жүйеге түсіріп, тіл білімінен аражігін ажыратып, концепцияларын айқындап, ізбасарларын тәрбиелеп, ғылыми мектебін құрап берді; жетіншіден, азамат ретінде де журналистер қауымы арасында орасан беделге ие болып, көшбасшылық пен қарапайымдылықты қалай қатар алып жүруге болатынын үлгі етіп көрсетіп келеді. Яғни қай қырынан алсаң да қазақ журналистикасының кешегісі мен бүгінгісін жалғастырушы, жақсылығын асқақтатып, жамандығын бетке басқан тұлға ретінде де қадірлейміз. «Қазақ сөзінің ең құнарлысы осы» деп көзі қарақты оқырманға 10-томдық «Алаш көсемсөзін» ұсынды. Еліміздің бас басылымы «Егемен Қазақстан» газетінің 100 жылдығын кең насихаттап, өткен ғасырдың қырқышы жылдарына дейінгі газет тігінділерінен інжу-маржанын теріп, 5 томдық кітапты дүниеге әкелді. Профессор Намазалы Омашевтың ғылыми және публицистикалық мұрасы еліне, шәкірттерге әлі де ұзақ уақыт еңбек ететіні айдан анық.

Қырғыз мемлекеттік университеті журналистика факультетінің мерейтойы өтіп жатыр. Мінбеге ЮНЕСКО-ның Орталық Азиядағы журналистика мен бұқаралық қатысым кафедрасының меңгерушісі, профессор Намазалы Омашев көтерілді. Әріптестеріне көрші елдің ыстық ықыласын жеткізе келіп, «Қырғыз ағайындар, сіздер еліктегіш болып бара жатырсыздар. Біресе орыс болғыларыңыз келеді, енді бірде Америкаға құшақ ашасыздар, қазаққа да қызыға қарайсыздар. Соның бәрін құптамаймын, қырғыздың өз жолы, биік мұраты болуы тиіс деп есептеймін» дегенде, алғашында тосырқап қалған зиялы қауым, артында ду қол шапалақтап, қуаттап кетті. Әсіресе, ақпараттық қауіпсіздік мәселесіне келгенде еш жалтақтықтан қажет еместігін, бір ғана асыл мұрат бола-

## МЕМЛЕКЕТШІЛ ҰСТАНЫМНЫҢ ЖАРШЫСЫ

Журналистиканың бір қасиеті сол – оны қаламы қарымды, ойы ұшқыр, сөзге шешен, «ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» иесі бола білген адамдар жасайды. Сол журналистиканың ыстық, суығын түгел көрген, қадір-қасиетін басынан өткізген жандардың бірі профессор Намазалы Омашұлы деп білемін. Тіпті, кеңестік журналистиканы тәуелсіз ел көсемсөзіне ұластырған, осы жолдың шырақшысы болған «Алтын көпір» иесі деп бағалаймын.



тынын, ол ұлттық мүдде екенін журналистиканың профессоры Намазалы Омашев биік мінбелерден жиі айтып жүр.

Халықаралық «Орбиком» ұйымы – ЮНЕСКО-ның әр елдегі кафедраларының жұмысын үйлестіреді, ғалымдар мен оқытушылардың пікірлесетін кеңістігі, яғни диалог платформасы. Осы мәртебелі ұйымның Қазақстаннан жалғыз мүшесі Канаданың Монреаль қаласында өткен ЮНЕСКО-ның мыңжылдықтың білім конференциясына қатысып, білім берудің болашағын анықтауға үн қосты. Шәкірт адамзаттың асыл ойы, ақыл-білімі мен ортақ құндылықтарын қалай игерсе, сондай дәрежеде ұлттық құндылықтарын толық сіңіруі қажет, туған тамырынан ажыратуға болмайды деген қағидадаттарды қуаттады. Сондай-ақ ЮНЕСКО профессоры әр жылдары әлемнің Париж, Лас-Вегас, Сеул, Мәскеу сияқты қалаларында өткен ғылыми конференцияларға қатысып, үлкен мінбелерде баяндама жасады, Қазақ елін жалпақ дүниеге танытты. Соның бәрінде ұлттық мүддені, халықтық жауһарларды жас ұрпаққа сіңірудің маңызын шегелеумен болды.

Намазалы Омашұлының жемісті жылдары тәуелсіздікпен тұспа-тұс келді, ұстаздарының жолын жалғап, көсемсөз дәрежесін жаңа қырға алып шықты, БАҚ-тың билік санасындай қоғамдық орнын айқындап берді. Бұл бір адамның еңбегі десек, әсіре айтқандық болар. Профессордың тірегі елі болса, қос қанаты: әріптес ағайындары мен шәкірттері еді. 1995 жылы журфакқа басшы болды. Мәскеу билігінен іргеміз алшақтап, экономикалық байланыстар үзілген елең-алаң кезең. Қиындық көп кездесе де, Алаш мұратын жүзеге асыруға үн қосты. Шәкірт адамзаттың асыл ойы, ақыл-білімі мен ортақ құндылықтарын қалай игерсе, сондай дәрежеде ұлттық құндылықтарын толық сіңіруі қажет, туған тамырынан ажыратуға болмайды деген қағидадаттарды қуаттады. Сондай-ақ ЮНЕСКО профессоры әр жылдары әлемнің Париж, Лас-Вегас, Сеул, Мәскеу сияқты қалаларында өткен ғылыми конференцияларға қатысып, үлкен мінбелерде баяндама жасады, Қазақ елін жалпақ дүниеге танытты. Соның бәрінде ұлттық мүддені, халықтық жауһарларды жас ұрпаққа сіңірудің маңызын шегелеумен болды.

ты. Ұзақ жылдар ҚазҰУ-дың журналистика факультеті деканы, ұлттық университет проректоры қызметтерін атқара жүріп, журфактың дамуына, онда сапалы білім беруге көп мән берді. Зиялы ортада журналистиканы ғылым ретінде мойындатуға көп күш салды. Журналистикадан ғылыми атақ қорғайтын кеңес ашты, бірнеше ғылым докторы мен 50-ден аса ғылым кандидаты диссертация қорғап, қазақ журналистикасы ғылымының өзекті мәселелері ғылыми айналымға енгізілді. Баспа ісі, халықаралық журналист, қоғаммен байланыс мамандықтары өмірге келіп, дамыды. Түрік, неміс, корей, ұйғыр тілдерінде журналист даярлайтын бөлімшелер ашылып, ұлттық баспасөзге мән берілді.

Намазалы Омашұлының 50 жылдан асатын ұстаздық еңбегінің жарқын бір жемісі – қазақ журналистикасында жарқырап жүрген, елдік рухтың жалаушысы жүздеген шәкірттері бар. Өзі де қаламнан қол үзбей, елдік сөздің де тізгінін ұстады, өткір айтатын, біліп, көріп айтатын публицист ретінде танылып жүр. Бірнеше көсемсөз жинағы мен ғылыми монографиясы жарық көрді. Болашақ журналистерге арналған оқулықтары ұлттық қорға олжа болып қосылды. Ұстаз-ғалым 2007 жылы журналистика саласындағы ең жоғары марапат – ҚР Президентінің арнайы сыйлығына ие болды. «Журналистикасы жалғайтқан қайраткермен билік те санасып, осы саладағы сан қырлы еңбегіне осылай баға берді.

Н.Омашев Батысты да, Шығысты да бір кісідей зерттеді, іссапармен АҚШ-та бірнеше рет болып, журналистік білім беру тәжірибесімен бөлісті. Түркия журналистикасымен етене таныс. Қызы Әсел сол елдің қазағына ұзатылып, құдалар арасылып, Түркия да алыс-беріс еліне айналған.

Әдетте журналисті көшбасшы деп қабылдайды. Жаңа ойдың басында сөз зергерлері тұратыны рас, ұлттық мүдде, елдік рухтың жаршысы да, «күзетші иті» де журналист. Намазалы Омашұлы – журналистік еңбек пен ғылымды берік ұштастырған тұлға. Ұлттық мүддені жеке бас мүддесінен биік қойып, осы жолда

күш-қайратын сарп етіп жүрген қайраткер ағамызды егемен Қазақстан журналистика саласының жүйе құрушысы деп айтуға болады. Өйткені журналистік ғылым, білім, тәжірибенің бір азамат төңірегінде өрбүі сирек құбылыс, ал Намазалы Омашұлына қатысты заңды, жарасыммен тауып-ақ тұр.

Кезінде профессор Н.Омашев Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті жанындағы Журналистика мәселелерін зерттеу институтын құрып, алғашқы басшысы болды. Мұнда іргелі зерттеулер жүргізіліп, әсіресе, Алаш мұрасының хрестоматиясын жасауда, қазақ журналистикасының даму үдерісін бағалауда кешенді шаралар жүзеге асты. Профессор ретіндегі оқыған елдік дәрістері өз алдына бір төбе.

Мен Намазалы Омашұлының ерекше ұйымдастырушылық қабілетін Қазақ ұлттық университетінде тіл және тәрбие жөніндегі проректор болған жылдары аңғардым. Бір ғана дәйек: 2004 жылы университетке 70 жыл толып, Наурыз тойы ерекше салтанатпен аталып өтті. Университеттің мыңдаған студенттері ешкімнің айдауынсыз көпшілік сахналық көріністерге қатысты, ҚазҰУ қалашығы мен стадионында ондаған ақшаңқан киіз үйлер тігіліп, ұлттық салт-дәстүр айрықша көрініс тапты. Сол тойға әр оқытушы-профессор өзіндік қолтаңбасын қосты, нағыз бұқаралық мерекеге айналды. Ұлттық бояу мен нақыш, өнегелі іс-қимыл тұтаса келе, айтып жеткізуге келмейтін аураны туғызды. Сол бір ұлттық рух ұлықталған күн күні кешегідей көз алдымда, ол бітіріп кеткен студенттер жадында да мәңгіге қалды деп ойлаймын. Сол тойға куә болған қонақтар, негізінен шет мемлекеттер елшілері сол күні-ақ танданысын жасыра алмай, «нағыз Наурыз тойы осы екен ғой!» деген еді. Сонда Нәкеңнің психологтық даралығына таң қалғанмын. Әркімнің қабілетін дөп таниды, соған лайық тапсырма береді. Сенің дауысыңнан-ақ ерік-жігеріңді, ұмтылысыңды анық басады. Содан болар, еңбек нәтижесі де жемісті болатын, ешкім ұйтқа қалдырмайтын, жалған сөйлей алмайтын.

Мемлекеттік гимн орындалғанда қолды жүрек тұсына қоюды алғаш рет ҚазҰУ студенттері өнеге етіп, кейін қолдау тауып кетті. Бұл қарашаңырақтың 70 жылдық мерекесі күні болатын. Студенттер сарайында салтанатты жиын болып, оған мемлекет басшысы Н.Назарбаев қатысты. Өңүрнен орындалғанда залдағылар оң қолын жүрек тұсына апарып, тына қалды. Осы көрініс әсер етсе керек, Президент сол кез-

дегі протокол басшысы, қазіргі ҚазҰУ басқарма басшысы – ректор Жансейіт Қансейітұлы Түймебаевқа «мынау мемлекетшіл нышан ғой, түртіп ал! Кең тарту қажет» деген пәрмен берді. Осылай Нәкең басшылықта болған кезде ҚазҰУ жастарының ұлттық рухы асқақтап, біраз мәселе ұлт пайдасына шешіліп жатты.

Ұстазымның бірге өскен достары, ауылдастарымен кездесіп қалғанда, Нәкең туралы тек жақсы айтады, оның қайсарлығы мен табандылығына, намысшылдығына тоқталады, қағылса мінезі мен әңгімешілдігін үлгі тұтады. Жастайынан қатарының алды болған өршіл Омашев өсе келе де ауылының, елінің көркеуіне шама-шарқынша үлесін қосты. Еңбегі ескеріліп, «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» мен «Жамбыл облысының құрметті азаматы», «Мерке ауданының құрметті азаматы» атақтарын алды. Басқа да марапаттары көп.

Нәкеңнің курстас достары шетінен сайдың тасындай сақа жігіттер мен қыздар – 5 ғылым докторы, мемлекеттік марапат лауреаттары, ел таныған журналистер мен ақындар. Курсты Нәкең көркітсе, курстастары Нәкең жөніндегі проректор Омашевтар отбасының өнегесі де өз алдына жеке әңгіме, кезінде баспасөзде жазылды. Екі ұлы азамат болып, еңбекке араласқан, отбасын құрған, Нәкеңе ең тәтті немерелерін сүйгізіп отыр.

Міне, осыдан мен Нәкең жүрген жерін көркейткіп жүрген азамат деген қорытындыға келдім. Бірге оқыған курстас достары да Намаз біздің староста, лидер деп мақтан тұтады. Намазалы Омашұлы журфакты жаңа биікке көтергені, ҚазҰУ-дың көркеюіне бірт кісідей үлес қосқаны баршаға аян.

«Ұстаз болу еректің батырлығы» деген екен ақын Гафу Қайырбеков. 50 жыл жоғары мектепте маман тәрбиелеумен айналысып келе жатқан Намазалы Омашев та әр сабағын, әр шәкіртімен тілдесуін жүргізіп өткізіп келеді. Кәсібіне адалдықты ұстаз өзі өнеге етіп жүр. Заңғар ғалым, жауыз Зейнолла Қабдолов шын ықыласымен «...Ұстаз деген ардақты атты кіршіксіз таза күйінде алып жүргендердің бірі, бірегейі десе де болады, ол – мына отырған менің Намазалы шәкіртім» деп ағынан ақтарылған еді.

«Бақытымды қазақ журналистикасынан тапқан жанмын» деген сөз иесі профессор Намазалы Омашевты жүрген жерін көркейткен, осы биік мақсатқа бар қайрат-жігерін аямай жұмсаған қайраткер тұлға деп танымыз. Мемлекетшіл идеологияның жаршысы бола білген ағамыз, ұстазымызды 75 жылдық мерейтойымен құттықтай отырып, өзіне зор денсаулық, күш-қайрат, еліне тыныштық пен өркендеуді тілейміз!

**Аязби АҚБЕРГЕНҰЛЫ,**  
Халықаралық ақпараттық технологиялар университетінің профессоры

## ҰЛЫ АҚЫНҒА ТАҒЗЫМ

Астанадағы №87 мектеп-гимназияда қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың 180 жылдық мерейтойын мерекелеудің басталуына орай салтанатты іс-шара өтті.

«Сөзі алтын хакім Абай» шығармашылық іс-шарасы – Абай Құнанбаевтың мерейтойы аясында жоспарланған іс-шаралар сериясының басталуы. Ұлы ақын есімімен аталатын №87 мектеп-гимназия 2019 жылы – оның 175 жылдығын мерекелеу жылы ашылды. Ашылған сәттен бастап оқу орнында

қазақ ойшылының өмірі мен шығармашылығын зерттейтін абайтану пәні енгізілді. Бес жыл ішінде мектеп Абай мұрасын насихаттап келеді. Іс-шара аясында мектеп оқушылары Абай Құнанбаевтың өлеңдерін, қара сөздерін және поэмалардан үзінділерді жатқа оқып, білімін көрсетті.

«Біздің мектептің миссиясы

– Абай жазған «толық адам» идеясына сәйкес келетін білімді, моральдық тұрғыдан тұрақты және үйлесімді дамыған тұлғаны тәрбиелеу. Бұл іс-шара оқушыларымызға өздерінің қажырлы еңбегінің нәтижесін көрсетуге мүмкіндік берді» деді №87 мектеп-гимназия директоры Айгүл Қашаева.

Іс-шарада құрметті қонақ – абайтанушы, ақын және Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Алмахан Мұхаметқалиқызы сөз сөйледі.

«Мен Абайдың шығармашылығын ерте жастан оқып

келемін және осындай іс-шараларды қолдауды өз міндетім деп санаймын. Мұндай іс-шаралар ұлттық сана-сезімді, мәдени құндылықтарды қалыптастыру және біздің тарихымызды құрметтеу үшін маңызды» деп атап өтті Алмахан Мұхаметқалиқызы.

Сахнада Абай шығармашылығына арналған қалалық және республикалық байқауларда жетістікке жеткен оқушылар өнер көрсетті. Олар өздерінің өнері арқылы көрермендерге ұлы ойшылдың шығармашылық мұрасын қайта танытуға мүмкіндік берді.





**Қ**арлығаш Бәкенқызы 1945 жылы 13 қаңтарда Семей облысы Абыралы ауданы Қайнар ауылында туған. Семей педагогикалық институтын бітірген. Еңбек жолында 1968 жылы Семей облыстық телевидение мен радио комитетінде тілші-редактор, диктор қызметін атқарып, 1970 жылы Семей телестудиясында редактор, комментатор-жүргізуші болған жылдары бірнеше дүркін республикалық теле-фестивалінің жеңімпазы, республикалық комитеттің облыстық партия, комсомол сыйлықтарының лауреаты, 1983 жылы Мәскеу қаласындағы Кеңес Одағының орталық «Останкино» телекомпаниясында арнайы стажировкадан өткен маман.

Астана қаласындағы «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігі Астана қалалық филиалының медиатоп мүшесі және Есіл ауданына қарасты Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының «Есіл толқындары» халықтық ардагерлер ансамблінің продюсері, режиссері. Осы ансамбльдің «халықтық» атағын алуда атқарған жұмысының өзі үлкен еңбек.

«Есіл толқындары» ансамблі 2018 жылы құрылды. Алғашқы концерті Абайдың 175 жылдығына арнап «Абай әлемі» деген үш бөлімнен құрылған концертпен басталды. Одан соң Біржан салдың 170 жылдығына арнап Мұқан Төлебаевтың «Біржан-Сара» операсынан Біржан мен Сара айтысының 150 жылдығын негізге алып, сахналық қойылым көрсетті. Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық

## МӘДЕНИЕТ ПЕН ӨНЕРДІҢ МАЙТАЛМАНЫ

«Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігі Астана қалалық филиалы Ардагерлер кеңесінің медиатоп мүшесі, радио-телевидение саласының ардагері, баспасөз саласының үздігі, жоғары категориялы диктор, КСРО және Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, Қазақстан Республикасы Мәдениет және өнер саласының үздігі Қарлығаш Құспан 1945 жылдың алғашқы төлдері – қарлығаштары қатарында, Ұлы Жеңістің елордалық құрдастарының бірі болып 80 жасқа толды.



мерейтойы Астана қаласының №48 орта мектеп-лицейінде жаңа оқу жылында жоғары деңгейде аталып өтті. Мерекелік даталардың барлығына арнайы бағдарлама даярлап, концерт көрсетуді парыз санайды.

Ансамбльдің репертуарлары, негізінен, халық әндерінен құралған. Ұмытылып бара жатқан ретро әндерді жаңғыртып, жастарға насихаттауда. Ансамбль тек хор айтумен ғана шектелмейді. Сонымен бірге халқымыздың інжу-маржаны саналатын «Қыз Жібек», «Айман-Шолпан» операларынан да сахналық қойылымдарды, ән-айтыс жанрын репертуарға енгізіп, қыз бен жігіт айтысын көрсетуде.

Жыл басында Қарлығаш Бәкенқызының жетекшілі-



Қарлығаш Бәкенқызы – шығармашыл жан, ұлттық құндылықты дәріптейтін «Ұрпақтар сабақтастығы» жобасының өз дәрежесінде орындалуының жанашыры, ұлтжанды, патриоттық тәрбиенің басында жүретін кәсіби маман

гімен ансамбль көшпенділер мәдениетінің биік шыңы, алғашқы өнер туын көтерген «Қоянды жәрмеңкесінің 175 жылдығына» орай «Арқада арда шыққан жәрмеңке тойы» деп бағдарлама жасап, сахнаға Керекудің Майрасы, атақты әнші Қали Байжанов, жәрмеңкені ашқан көпес Ботов, Біржан сал, Жүсіпбек Елебеков секілді тарихта болған дүлдүлдердің әні шырқалып, сауда қызып, ұлттық ойындар көрсетіліп, көрерменге ерекше тарту жасалды. Республика күніне орай «Арайлы Астана» атты мазмұнды бағдарлама көрсетілді.

Қарлығаш Бәкенқызы – шығармашыл жан, ұлттық құндылықты дәріптейтін «Ұрпақтар сабақтастығы» жобасының өз дәрежесінде

орындалуының жанашыры, ұлтжанды, патриоттық тәрбиенің басында жүретін кәсіби маман. Осы бағытты айшықтаған өнегелі іс-шара, астаналық бес аудан ардагерлерінің арасындағы отбасы байқауы жаңадан ашылған №106 жайлы мектепте өтті. Оның ережесі мен концерт бағдарламасының авторы да – Қарлығаш апай.

Зейнетке шықса да, елордалық «Астана ақшамы», республикалық «Egemen Qazaqstan» газеттерінің, ардагерлер ұйымының белсендісі. Қалалық Ардагерлер кеңесінің жанындағы медиатоп мүшесі ретінде 100-ге жуық ардагерлер туралы тақырыпта мақалалар жариялаған. Есіл ауданы «Аманат» партиясының мүшесі, қоғам қайраткері.

Қажырлы еңбегі бағаланып, Қазақ телевидениесінің 60 жылдық, Семей телевидениесінің 55 жылдық мерекелік медальдарының, «Семей қаласына еңбегі сіңген» медалінің иегері. Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Парламентінің алғыс хаттары мен Қазақстан Журналистер одағының құрмет грамотасымен марапатталған. 2020 жылы Ұлы Жеңістің 75 жылдығына арналған республикалық ардагерлер ұйымдарының шығармашыл көркемөнерпаздар ұжымдары байқауының жеңімпазы ретінде «ҚР Ардагерлер ұйымының құрмет белгісі» төсбелгісімен марапатталды.

Әріптестері Қарлығаш апай туралы «Бір өзі – бір театр» десе, «Мерейің асқан қашанда, мәртебең сенің жоғары, Өзің болсаң ортамыз, бір-ақ сәтте толады» деп замандастары сыйласа, асыл жары, балаларының әкесі марқұм Жеңісқали аға «Тілеуқор, сүйенішім болып әрқашан қасымда жүрші, Қарлығаш» деп арманмен бақиға аттаныпты.

Қарлығаш Бәкенқызын Астана қаласы мен Есіл аудандық Ардагерлер кеңестерінің атынан 80 жылдық мерейтойымен құттықтап, темірқазықтай қалпыңыздан таймай, аялап өсірген ұрпағыңызбен, ұл-қыздарыңызбен, немере-шөберелеріңізбен өмірдің қызығын көруге ұзағынан жазсын деген тілегімізді білдіреміз!

**Шарипа УСТЕМИРОВА,**  
Астана қаласы Есіл аудандық Ардагерлер кеңесінің төрайымы

## ДӘСТҮРДІҢ ТОЗЫҒЫНАН ҚАШАН АЙЫҒАМЫЗ?

Мен көтеріп отырған мәселелер айтылып та, жазылып та жүр, бірақ орындалуы өте нашар, кейбір бағыттарда керісінше өршіп бара жатқан сияқты. Мысалы, үйлену тойын алайықшы. Екі жақтың ата-анасы балаларының жақсы отбасы болғанын қалайды. Ал іс жүзіне келгенде кейбір істері жаңа құрылған шаңырақтың күйреуіне әкеліп соғады.

**О**ған әртүрлі себеп бар. Одан ата-аналардың бір-біріне қоятын талаптары бір жағына жағдайсыз келеді, бірақ баласы үшін сол ұсыныстарын амалсыздан орындауға тырысады. Оның бірі – қалың мал. Негізі, екі жақтың құдаларының түпкі мақсаты – жас шаңырақтың іргетасын дұрыс қалау. Жас отбасын шама-шарқынша тойлау, тұратын үйлерінің мәселесін шешуге көмектесу. Қызымды бердім екен деп пайда табу емес. Осы мәселеге келгенде олар біздің ата-бабаларымыздан келе жатқан дәстүр деп шыға келеді. Не үшін айтып жүрміз дәстүрдің озығы бар, тозығы бар деп? Сол тозығынан бірте-бірте арылуымыз керек қой. Екі жақ та жағдаймен санасқаны дұрыс болар еді. Киіт кигізу дәстүрі бар, шамасы келгенше әр құдаға дұрыс зат әперуге тырысады. Көбіне алған адам оны кимейді, өйткені бірдеңесі ұнамайды. Мысалы, менің үйімде үш тон жатыр, себебі қазір ол сәннен шықты, қазір жеңіл жылы сырт киімдер киеміз. Оны мен не істеймін? Не солай жатып тозады немесе келесі бір тойға пайдаланамын. Солай айналып жүре береді. Естеріңізде болса, ертеректе «Тамаша» ойын-сауық театрында осындай бір эпизод көрсетілген: өздері берген костюм айналып қайтадан өздеріне келген. Той өткізу үшін құрылған жекеменшік ұйымдар



іс-шараларды бірте-бірте күрделендіріп, ептеп бағасын көтеріп, байқаусыз тапсырма бергеннің қалтасын қағады. Бірде сырға салу дәстүріне қатыстым. Негізі, «сырға салу» деген сөзге өз бағасын қарсымын. Бала кезімізде бір туыстың үйіне барғанда бір құлдың атап, құлағына ен салатын. Маған сырға салу да соған ұқсайтын сияқты. Соған әрбір қатысушының алдына бір әшекейлеген шоколад қойды, содан той басталарда да осыған ұқсас

тәтті қояды. Олар әкеп қойылады да, жаңағы әшекейден ешқандай із қалмайды. Осылар ұсақ болса да қаржы ғой. Асаба, эстрада әншілері мен бишілерін, т. б. шақырып, доллармен ақы төлейді. Әсіресе әншілер еш дайындықсыз дайын әнін айта салғанға көп ақы сұрайды, кей-біреуі содан байып, шетелден ғимарат сатып алып жатыр. Жас кезімізде ешқандай белгілі әншілерсіз-ақ тойларымыз қызықты өтетін. Тойға шақы-

рылғандардың ішінен әншілер де, бишілер де шығатын. Оның үстіне тойда көптен көрмеген жерлесінді немесе жақсы танысыңды кездестіріп, сөйлесейін, асабалар музыканы сондай қатты қояды. Қазір осындай іс-шараларға қатысушылар тойдан дем алып қайтпаймыз, шаршап қайтамыз дейді. Ол дұрыс, соны бағсымыздан кешіп жүрміз. Асаба ақша тауып қайтады, біз шаршап қайтамыз. Қанша қаржы

жұмсап өткен тойдың біразының шапағаты болмай, жастар ажырасып жатады. Қазіргі статистика бойынша әрбір үшінші жас шаңырақ айырылысып жатыр. Бір мысал: өткен ғасырдың ортасында Қазақстанның түкпір-түкпірінен жиналған 20 студент бір топта болды. Сол кезеңде отбасын құрдық. Сол достарымыздың біреуі ғана екінші рет үйленді, қалғандары бірінші зайыбымен өмірінің соңына дейін тату-тәтті өмір сүріп, балалы-шағалы, немерелі-шөберелі болып, ұрпақ таратты. Студенттік достарымыздың бәрі бақилық болды, жатқан жерлері жайлы болып, арты қайырлы болсын демекпіні. Осылай болуының негізгі себебі, меніңше, ұлттық тәрбиенің әлсіремей тұрған кезі. Қазір әлеуметтік салаға мол қаржы бөлініп, халықтың тұрмысы жақсарып келеді, ал ұлттық тәрбие жоқтың қасы. Ертедегі қызды айттырудың да жақсы жағы бар. Бірін-бірі танытандар өзара құда болып жатады. Қандай тамаша! Әрине, мұнда да өз кемшілігі болған. Жастармен жұмыс істеуде идеологиямыздың түп қазығы ұлттық тәрбие болу керек деп ойлаймын.

Екінші мәселе – адамды соңғы сапарға шығарып салу. Қазіргі жағдай – қайғы жамылып отырған үйді тонау. Қонақасы берудің өзі үйде емес, мейрамханаларда көпшіліктің қатысуымен өтеді. Мен өзім діндар да емеспін, атеист те емеспін. Діннің ғылымға негізделген жерін толық қолдаймын. Альберт Эйнштейннің «дін ғылымсыз соқыр, ғылым дінсіз ақсақ» деген сөзі бар. Менің естуімше, кешкі ас (қонақасы) мәйітті күзетіп отырғандарға берілген, ертеректе ата-бабаларымыз киіз үйде немесе жер үйде тұрған, онда

неше түрлі жәндіктер мәйітке түсіп кетуі мүмкін. Алыстан келген туыстардың өзі сол үйде біраз отырып, артынша басқа туыстарының немесе таныстарының үйіне барып қонатын. Негізі, адамды соңғы сапарға сол елдің халқы барлық ауырлықты көтеріп, өздері шығарып салғаны дұрыс деп ойлаймын. Өмір бар жерде өлім бар, бұл – алма-кезек дүние. Көрші өзбек ағайындарды өлік шыққан үйден үш күнге дейін тату-тәтті өмір сүріп, балалы-шағалы, немерелі-шөберелі болып, ұрпақ таратты. Студенттік достарымыздың бәрі бақилық болды, жатқан жерлері жайлы болып, арты қайырлы болсын демекпіні. Осылай болуының негізгі себебі, меніңше, ұлттық тәрбиенің әлсіремей тұрған кезі. Қазір әлеуметтік салаға мол қаржы бөлініп, халықтың тұрмысы жақсарып келеді, ал ұлттық тәрбие жоқтың қасы. Ертедегі қызды айттырудың да жақсы жағы бар. Бірін-бірі танытандар өзара құда болып жатады. Қандай тамаша! Әрине, мұнда да өз кемшілігі болған. Жастармен жұмыс істеуде идеологиямыздың түп қазығы ұлттық тәрбие болу керек деп ойлаймын.

Көтеріп отырған екі мәселе де өзекті. Халық айтып жатқанды тыңдамаса, еліміздің заң органдары, Бас мүфти, т. б. қоғамдық ұйымдар бірігіп, заң ретінде қабылдауға болатын қатаң шаралар қолдану қажет шығар. Оңтүстіктегі көршілер осындай келеңсіздіктерге тиісті шаралар қолданып жатыр ғой. Ата-бабаларымыздан келе жатқан дәстүр екен деп халықты бос қоя беруге болмайды.

**Еркін ДӘУЕШҰЛЫ,**  
зейнеткер



№4 (4748) 14/01/2025 Сейсенбі

## БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН КОНЦЕРТ

Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияның камералық залында «Золотые струны столетий» атты концерт өтті.



Ең әуелі камералық құрамдағы симфониялық оркестр жас тыңдармандарды симфониялық оркестр әлеміне қызықты саяхатқа шақырып, классикалық музыканың жауһарларымен таныстырды. Концерт жүргізушісі балаларға түсінікті тілде музыкалық аспаптардың ерекшелігі, олардың тарихы және дыбыс бояуларының байлығы туралы әңгімеледі. Әсіресе ішекті аспаптарға ерекше көңіл бөлінді. Скрипка, альт, виолончель, контрабас – балалар бұл сөздерді тек сөздік қорларына қоспай, олардың қалай көрінетінін және қандай дыбыс шығаратынын да түсінді.

Бағдарламада Эдвард Григ – «Хольберг дәуірінің уақыттарынан» сюитасы, Эдуард Элгар – ішекті оркестрге арналған серенадасы, Вольфганг Амадей

Моцарт – Ре мажор дивертисменті, Иоганн Себастьян Бах – №3 сюитадан ария сияқты батысеуропалық классикалық музыка жауһарлары орындалды. Әсіресе жас көрермендерді И.С.Бахтың №2 сюитасынан «Менуэт және Шутка шығармасы» ерекше баурады. Флейтадағы жеке партияны халықаралық және республикалық байқаулардың лауреаты Жәмила Дәлішева орындады. Ұйымдастырушылар бұл концерт балалардың музыкаға деген қызығушылығын оятып, симфониялық өнермен танысуына бағытталғанын айтып, көрермендер музыкалық аспаптардың сиқырлы әлеміне терең бойлап қана қоймай, ұлы композиторлардың шығармашылығынан шабыт алуға мүмкіндік алады дейді.

## МҰЗДАН МҮСІН ОЙҒАНДАР

Қазақстандық мүсіншілер Қытайдың Хэйлунцзян өлкесіндегі Цзямуся қаласында өткен қар-мұз фестиваліне қатысып, жеңімпаздар қатарынан көрінді.



Үш адамнан құралған қазақстандық команда ат үстінде садақ тартқан қазақ батырын мұздан ойып шығып, қазылар алқасының оң бағасына ие болған. Қорытындысында отандастарымыз үшінші орынды иеленді. Аталған халықаралық додаға Қазақстан, Қытай, Ресей, Моңғолия, Мексика және Малайзия сияқты 10 елден 30-ға жуық мүсінші қатысып, 4 күнде туындыларын мұздан ойып шықты.

Қазақстан командасының капитаны Жолдас Ершаттың айтуынша, олар халықаралық фестивальге арнайы шақыртумен барған.

– Бізге осы фестивальге қатысуға ұсыныс түсті. Ойланбастан келісіп, Қытайға жол тартып кеттік. Қытайдың Хэйлунцзян провинциясы қар-мұз өнері мәдениетіне өте бай. Сол себепті осы додаға қатысу біз үшін өте жақсы тәжірибе болды. Жалпы біздің команда 2011 жылдан бері қаланы сәндеу жұмысымен айналысып келеді. Енді, міне, шетелде бақ сынап жүрміз. Бұл жарыстағы туындымызда атпен шауып бара жатып садақ тартқан қазақ батыры бейнеленген. Туындының өзгешелігі үшін қазақ аңызындағы қанатты барысты ойып шықтық. Қазылар алқасы және қытайлық көрермендер мүсінді жақсы бағалады, – дейді капитан.

Айта кетейік, аталған жарысқа қатысушылардың арасында астаналық мүсінші Азамат Талапхан да бар. Ол команда келесі жолы Харбин қаласында өтетін үлкен фестивальге дайындалып жатқанын жеткізді.

– Осы жеңісімізден кейін тағы басқа ұсыныстар түсе бастады. Келесі жылы Харбин қаласында өтетін әлемге танымал фестивальде өнер көрсетуді көздеп отырмыз, – дейді астаналық мүсінші.

## БАҒЫ ОЗҒАН БАЛУАН АНЫҚТАЛДЫ

Елордадағы Жақсылық Үшкемпіров атындағы жекпе-жек сарайында ұлттық брендіміз – қазақ күресінен «Дала қырандары» республикалық турнирі өтіп, 8 салмақ дәрежесіндегі Қазақстанның ең үздік 8 балуаны анықталды.

55 келі салмақта Руслан Теміржан (Қызылорда облысы), 60 келіде Нұрлыхан Мұханбетов (Ақтөбе облысы), 66 келіде Ержан Еренқайыпов (Астана қаласы), 74 келіде Бибарыс Тұрғанбекұлы (Ақтөбе облысы), 82 келіде Нұрдаулет Бақтыбайұлы (Шымкент қаласы), 90 келіде Ерасыл Жаңатаев (Алматы облысы), 100 келіде Ерсұлтан Мұзаппаров (Шымкент қаласы), 100 келіден жоғары салмақта Қайсар Шамшидинов (Түркістан облысы) жеңімпаз атанды. Жалпы жарысқа 64 балуан қатысты. Олардың қатарында әлем чемпионаты және өзге де халықаралық жарыстарда жеңімпаз атанған Бекжан Төлепов, Жұмажан Қожамбеков, Ерсұлтан Мұзаппаров, Алтынбек Аусағитов, Нұрдаулет Жарылғапов және Ерасыл Қажыбаев бар.



## ЖҮГІРУДЕН ЖАРЫС ӨТТІ

Астанада жүгіруден ауқымды жарыс өтті. Жаңа жылдың басында алғаш рет ұйымдастырылған сайысқа 600-ге жуық адам қатысты. Қатысушылардың ең жасы 8-де, ең егдесі 62 жаста.

«Жүгіру – мезгіл таңдайтын спорт түрі. Былтыр аязды күнде де, түнде де, мейрамдарда да ұйымдастырылған сәтте жүгірушілердің қарасы қалың болған еді. Бұл жолы да қатысушыларға арнайы естелік медаль мен жаңа жылдық сыйлығымызды үлестірдік. Салауатты өмір салтын ұстанатын әрбір жанға алғысымыз шексіз» деді Астана қаласы әкімдігі Спорттық-бұқаралық іс-шараларды өткізу дирекциясы спорттық-бұқаралық іс-шараларды жоспарлау бөлімінің басшысы Көлбай Жанбек.

– Жүгіру – ауруға қарсы ем. Кейінгі 4 жылда спортты қолға алып, жүгіру, дуатлон, триатлон, үстел теннисі, велотресттен өтетін барлық



іс-шараны құр жібермеймін. Осының нәтижесінде 76 медаль алдым. Мақсатым – қатарластарым мен неме-

релеріме үлгі болу. Қазіргі сәтте екі немерем де спортпен айналысады, – деді қатысушы Марат Бауқенов.

НЕ? ҚАЙДА? ҚАШАН?




**ПАТША КӨҢІЛІМ, НЕ ДЕЙСІҢ?!**

15 қаңтар

19:00

Қ.Қуанышбаев театры



**МАХАББАТ ЖАҒАЛАУЫ**

16 қаңтар

19:00

Музыкалық жас көрермен театры



**ҚЫЗЫЛ ОРАМАЛДЫ ШЫНАРЫМ**

17 қаңтар

19:00

Қ.Қуанышбаев театры




**КЛАССИКАЛЫҚ МУЗЫКА КЕШІ**

17 қаңтар

19:00

«Qazaqstan» концерт залы



**«ШАҢЫРАҚ» ҚОЙЫЛЫМЫ**

19 қаңтар

18:00

«Qazaqstan» концерт залы



**«КҮШІК КҮЙЕУ»**

18 қаңтар

18:00

Ә.Мәмбетов театры